

В школах сел Караозек и Токтамыс открылись кабинеты поддержки инклюзии

В Общеобразовательной школе села Караозек состоялось значимое событие - торжественное открытие кабинета поддержки инклюзии. Новый кабинет станет важным пространством для оказания необходимой помощи детям, создания комфортных условий для их обучения, развития и полноценного участия в школьной жизни. Гостей мероприятия радушно встретил директор школы Калимаш Даирова, педагоги и учащиеся. В праздничной церемонии приняли участие депутат Акмолинского областного маслихата Клара Тунгушевна Мендыбаева, аким Караозекского сельского округа Абзал Молдаспаев, главный специалист районного отдела образования Арман Тулебаев.

Церемония открытия прошла в особом формате - в виде телемоста, объединившего школы Акмолинской области. В этот день сразу в восьми организациях образования региона были открыты кабинеты поддержки инклюзивного образования. Следует отметить, что работа в данном направлении проводится целенаправленно и поэтапно. До этого времени по всему региону уже открыто 146 кабинетов и работа будет продолжена. Благодаря онлайн-формату участники смогли стать частью единого масштабного события, объединившего педагогов, руко-

деланной подготовительной работе, представили новые кабинеты, обозначили планы на предстоящий период.

После завершения телемоста торжественная часть продолжилась непосредственно в самом кабинете. Особенно символическим моментом церемонии стало разрезание традиционной ленты, знаменующее открытие нового кабинета. Почетное право открыть кабинет было предоставлено депутату областного маслихата Кларе Тунгушевне Мендыбаевой и директору школы Калимаш Егинбаевне.

Гости поздравили педагогический коллектив с важным событием, пожелали школе дальнейшего развития, успехов и новых достижений. В своих поздравлениях они отметили значимость создаваемых условий для детей и необходимость дальнейшего развития инклюзивной образовательной среды.

Праздничную атмосферу мероприятия дополнила концертная программа, подготовленная силами учащихся и педагогов школы. Творческие номера стали еще одним подтверждением того, что школьная жизнь - это не только уроки и знания, но и дружба, взаимоподдержка, творчество и возможность каждого ребенка проявить себя.



дителей школ и специалистов, работающих в сфере инклюзивного образования.

К участникам телемоста в онлайн-режиме подключился руководитель Координационного совета по развитию инклюзивного образования в Акмолинской области Марат Умербаевич Ибраев. Поздравляя коллективы школ со знаменательным событием, он отметил особую значимость работы по развитию инклюзивной образовательной среды.

Марат Умербаевич подчеркнул, что создание таких кабинетов - это не просто открытие нового помещения в школе. Это важный шаг к тому, чтобы каждый ребенок чувствовал себя принятым, защищенным и нужным, имел возможность раскрывать свои способности и получать качественное образование с учетом индивидуальных потребностей.

Инклюзия начинается с понимания, принятия и готовности помочь. Именно поэтому развитие инклюзивного образования сегодня является важной задачей для всей системы образования и общества в целом. Школа должна быть пространством, где каждый ребенок имеет возможность учиться, общаться, развиваться и верить в собственные силы.

В ходе телемоста школы из разных районов Акмолинской области приветствовали коллег и делились результатами своей работы. Руководители организаций образования рассказали о про-

Открытие кабинета стало для школы села Караозек новым этапом в развитии инклюзивного образования. Здесь будут создаваться условия, в которых дети смогут получать необходимую поддержку, раскрывать свои способности и чувствовать себя полноценными участниками школьного сообщества.

Ведь настоящая инклюзия - это когда возможности ребенка видят прежде, чем его ограничения. Это когда рядом есть люди, готовые поддержать, понять и помочь сделать следующий шаг.

Пусть новый кабинет станет именно таким пространством - пространством доверия, заботы, развития и новых возможностей. А сегодняшний день станет еще одной доброй страницей в истории школы села Караозек и важным шагом навстречу школе, открытой для каждого ребенка.

Уместно добавить, что аналогичный кабинет поддержки инклюзии в этот же день торжественно был открыт в Общеобразовательной школе села Токтамыс, которую возглавляет Марина Михайловна Мамчур. В открытии кабинета в школе села Токтамыс из районного центра приняли участие руководитель методического кабинета районного отдела образования Шынар Каскеева и методист Светлана Маликова.

А. АМАНЖОЛОВА.

Аппараттық кеңесте

Бұланды ауданының әкімі Ардақ Смаиловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, онда ауданның санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы және әлеуметтік нысандардың 2026–2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындығы қаралды. Кеңес басталар алдында аудан әкімі Ардақ Дулатұлы ағымдағы жылғы 13 қыркүйекте өткен сайлау қорытындысы бойынша Қарамышевқа ауылдық округінің әкімі болып сайланған Қизат Көлбайұлы Хамзинды таныстырды. Аудан әкімі ауыл әкімін құттықтап, жауапты қызметіне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Ардақ Дулатұлы Сауле Дәуренбекқызы Даниеваға Қарамышевқа ауылдық округінің дамуына қосқан үлесі мен атқарған еңбегі үшін алғысын білдірді.



Аппараттық кеңес барысында жауапты бөлімдер мен ұйымдар басшыларының есептері тыңдалып, жылыту маусымына дайындық барысы талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын бақылауда ұстау тапсырылды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Люди труда

Молодость, труд и стремление к развитию

Не секрет, что благодаря ответственному отношению к делу, профессионализму и стремлению развиваться складываются успехи каждого предприятия. Особое место среди них занимают молодые специалисты - те, кто только начинает свой профессиональный путь, но уже сегодня доказывают, что возраст и небольшой трудовой стаж не являются препятствием для достижений.

Одним из таких молодых специалистов является Ляззат Халижановна Махсотова, которая с 2025 года работает в ТОО «Макинская птицефабрика». За сравнительно небольшой период работы она успела зарекомендовать себя как ответственная, исполнительная, добросовестная и инициативная сотрудница.

Для Ляззат работа - это не просто выполнение должностных обязанностей. Это возможность каждый день узнавать что-то новое, приобретать практический опыт, совершенствовать профессиональные навыки и уверенно двигаться вперед. Ее отношение к труду основано на стремлении качественно выполнять поставленные задачи и постоянно развиваться в выбранной профессии.

Всего за один год работы Ляззат смогла добиться первых профессиональных успехов и заслужить уважение коллег. Важной страницей в ее трудовой биографии стало участие в региональном конкурсе «Еңбек жолы» в номинации «Лучший молодой работник производства». Этот конкурс объединяет людей труда, позволяет молодым специалистам представить результаты своей работы, обменяться опытом и почувствовать значимость выбранной профессии.

Участие в конкурсе стало для Ляззат не только возможностью продемонстрировать свои достижения, но и важным этапом профессионального становления. Подобный опыт помогает молодому специалисту раскрыть свой потенциал, расширить кругозор, увидеть новые перспективы и еще больше убедиться в том, что добросовестный труд всегда имеет ценность.

Профессиональный путь начинается с маленьких шагов, но именно из них складываются большие достижения. Каждый рабочий день - это новый опыт, новая задача и очередная возможность стать лучше. Для



молодых специалистов особенно важно не бояться учиться, принимать вызовы и верить в собственные силы.

Сегодня Ляззат продолжает совершенствовать свои профессиональные знания и навыки, ответственно относится к работе и уверенно формирует свою трудовую биографию. Ее пример показывает, что настоящий профессионализм рождается не только из многолетнего опыта, но и из отношения человека к своему делу - его ответственности, трудолюбия, инициативности и желания развиваться.

Молодые специалисты - это не просто начинающие работники. Это энергия, знания, свежий взгляд и потенциал будущего. Именно от их стремления к развитию во многом зависит завтрашний день производства. Поэтому поддержка и признание труда молодежи - это вклад в будущее предприятия и всей страны.

История Ляззат Халижановны - это история первых профессиональных шагов, первых достижений и большого стремления вперед. И пусть сегодняшний успех станет лишь началом долгого и достойного трудового пути, наполненного новыми знаниями, достижениями и победами.

По материалам отдела
занятости и социальных программ
Буландынского района.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

ҚҰРЫЛТАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЗАҢ ТІЛІНЕ АЙНАЛДЫРА АЛА МА?

Қазақ елі жаңа Конституциясын қабылдап, мемлекет дамуының тың кезеңіне қадам басты. Таяуда халқымыз алғаш рет Құрылтай депутатыларын сайлауда дауыс беріп, өз таңдауын жасады.

Аударма тілден заң тіліне

Бізге жаңа Ата заңды әзірлеуге қатысу бақыты бұйырды. Осы жұмыс барысында заң мәтінін жазуда бұрыннан қалыптасқан тәжірибеден бас тарттық. Бұған дейін заңдар негізінен орыс тілінде әзірленіп, кейін қазақшаға аударылатын. Уақыт өте мұндай тәсіл құқықтық ұғымдардың дәлдігіне, заң техникасына және мемлекеттік тілдің құқық тілі ретінде қалыптасуына кері әсер ететіні анық байқалды. Сондықтан жаңа Конституцияны әзірлеу кезінде екі тілде қатар жазу (co-drafting) әдісін қолдандық. Конституциялық нормалар екі тілде бір мезгілде пысықталып, екі мәтін де тең түпнұсқа ретінде қалыптасты.

Қыркүйек айында жұмысын бастаған Құрылтай заңдарды Конституция негізін қалаған жаңа заң шығару мәдениетіне сүйеніп әзірлесе деген тілек бар. Жаңа дәуірдің заңдары аударма емес, екі тілде қатар әзірленетін түпнұсқа құқықтық актілер ретінде дүниеге келуге тиіс. Өйткені мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесі ең алдымен, заңдардың сол тілде жасалуы арқылы нақты мазмұнға ие болады.

Тәуелсіздік жылдары еліміз демографиялық ахуал мен саяси ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік тілді дамыту саясатын қалыптастырды. Оның мәртебесі Конституцияда бекітіліп, «Тіл туралы» заңда нақтыланды. Қоғамдық өмірдегі қолданыс аясы да біртіндеп кеңейіп келеді.

Мемлекеттік тілдің заң шығармашылығындағы орны әлі де толық қалыптасқан жоқ. Отыз жылдан астам уақытта Парламент қабылдаған заңдардың ішінде әуел бастан мемлекеттік тілде әзірленгендері саусақпен санарлық. Заңдар негізінен орыс тілінде жазылып, кейін қазақшаға аударылатындықтан, мемлекеттік тілдегі нұсқа аударма күйінде қалып отыр. Соның салдарынан заңнамада қазақ тілінің табиғаты мен ұлттық танымға жат оралымдар орнықты. Бұл мемлекеттік тілдің заң шығармашылығында толыққанды қолданылуын тежейтін жүйелік факторға айналды.

Еліміз ресми тұрғыдан да, нақты өмірде де қостілді ортада отырғанын мойындауымыз керек. Сол себепті мәселе тілдің өзінде ғана емес. Заңның қай тілде дүниеге келетіні оның сапасына, азаматтардың оны біркелкі түсінуіне, ұлттық құқықтық ойдың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Демек, мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесі қағаз жүзінде қалмай, заң шығару үдерісінің нақты әрі міндетті негізіне айналуға тиіс.

Мәселенің төркіні заң шығару

үдерісінің бастапқы кезеңінде жатыр. Кеңестік кезеңде заң жобалары орыс тілінде әзірленіп, кейін жергілікті халықтың тіліне аударылды. Соның нәтижесінде құқықтық норманың мазмұны мен логикасы, баптардың құрылымы, заң техникасы мен терминологиялық жүйесі де орыс тілінде қалыптасты. Сөйтіп, қазақ тілі дайын заңды тәржімалайтын тіл қызметіне ығыстырылды. Азаттық алғаннан кейін мемлекеттік тілдегі мәтін міндетті болғанымен, ол аударма мәртебесінен толық арыла алмады.

Бұл айырмашылық заң саласында ерекше сезіледі. Өйткені заң – сөздердің жай жиынтығы емес. Ол – құқықтық ұғымдар, заң техникасы, терминология, логика мен мағыналық дәлдікке негізделген тұтас құрылым. Сондықтан құқықтық норманы аударма арқылы беру терминологиялық дәлдікті әлсіретіп, сөйлем құрылымын бастапқы тілдің синтаксисіне тәуелді етуі, тіпті кей жағдайда мазмұн реңктерінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Мәселе «түпнұсқалықты» қалай түсінетінімізге де байланысты. «Тіл туралы» заңда ол негізгі мәтіннің мағынасы мен мазмұнын сақтау ретінде түсіндірілгенімен, тәжірибеде көбіне орыс тіліндегі мәтінді сөзбе-сөз қайталау деп қабылданады. Соның салдарынан қазақ тілінің табиғи құқықтық стилі емес, орыс тіліндегі мәтіннің синтаксистік құрылымы сақталып қалады.

Мұны бұрынғы Конституция мәтінінен де көруге болады. Мәселен, «право на жизнь» мемлекеттік тілде «өмір сүруге құқығы» деп берілген. Сөзбе-сөз аударма ретінде дұрыс болғанымен, қазақ құқықтық тіліне «өмір сүру құқығы» нұсқасы жинақы әрі табиғи.

Сол сияқты «Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады» деген құрылым орыс тілінің синтаксисіне жақын. Қазақ құқықтық стиліне сай «Соттың санкциясынсыз тұлғаны жетпіс екі сағаттан артық ұстауға болмайды» деу табиғи, түсінікті әрі құқықтық екпіні айқын.

Бұл мысалдар мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің неліктен кейде ауыр әрі жасанды қабылданатынын аңғартады. Мәселе тілдің мүмкіндігінде емес, құқықтық норманың бастапқыда осы тілде қалыптаспауында, оның әлеуетін толық пайдалана алмауымызда. Көптілді құқықтық жүйелер тәжірибесі көрсеткендей, түпнұсқалықты өлшемсіз сөзбе-сөз ұқсастық емес, мәтіндердің құқықтық күші мен мағынасының теңдігі. Сондықтан заң шығармашылығында сыртқы ұқсастықтан гөрі құқықтық мазмұнның дәлдігі маңызды.

Бұл қағида дамыған көптілді құқықтық жүйелердің ортақ ұстанымына айналған. Еліміз үшін де сол тәжірибелердің арасынан өз құқықтық жүйемізге сәйкес келетін үлгіні таңдау маңызды.

Өзге елдер қандай жолдан өтті?

Көптілді құқықтық жүйесі бар мемле-

кеттер де кезінде құқықтық ойдың бір тілде қалыптасып, екінші тілдің аударма тілі ретінде шетте қалу мәселесімен бетпе-бет келген. Уақыт өте олар тілдердің құқықтық және мағыналық теңдігін қамтамасыз ету жолында заң шығармашылығының тәсілдерін қайта қарады. Канада, Бельгия, Швейцария, Финляндия тәжірибесі осының табысты үлгілері саналады.

Канада заңды екі тілде қатар жазу (co-drafting) моделін қолданады. Заң жобасы ағылшын және француз тілдерінде бір мезгілде әзірленіп, екі мәтін де түпнұсқа болып есептеледі. Оларды өзара тығыз жұмыс істейтін кәсіби топтар дайындайды. Яғни бір мәтін екіншісінің аудармасы емес, құқықтық норма екі тілде қатар қалыптасады. Бұл мағыналық ауытқуларды азайтып, екі тілдің де дербес құқықтық тіл ретінде дамуына мүмкіндік береді.

Бельгия мен Швейцария да бір тілдің үстемдігіне негізделген үлгіден саналы түрде бас тартты. Бұл елдердегі француз, неміс, нидерланд, италиян тілдеріндегі заң мәтіндерінің әрқайсысы түпнұсқа болып танылады. Сондықтан соттар заңды қолданғанда барлық тілдік нұсқаны қатар қарастырады.

Мұндағы басты қағида – заңды сөзбе-сөз емес, оның мақсаты мен құқықтық мәніне сүйеніп түсіндіру. Яғни құқықтық мазмұн тілдің грамматикалық құрылымынан маңызды. Ал тілдік әралуандық кедергі емес, керісінше заң шығарушының мұратын дәлірек ашуға мүмкіндік беретін артықшылық ретінде қарастырылады.

Осы тәжірибелердің ішінде біз үшін ең тағылымдысы – Финляндия жолы. Бұл елдің тарихи алғышарттары мен тілдік эволюциясы біздің жағдайымызға өзгелерге қарағанда жақынырақ. Финляндия бірнеше ғасыр Швеция құрамында болып, мемлекеттік басқару, сот және заң шығару швед тілінде жүргізілді. Швед тілі билік пен құқықтың тіліне айналса, халықтың басым бөлігі сөйлейтін фин тілі күнделікті қарым-қатынас аясында қалып, құқықтық нормаларды қалыптастырудан тыс қалды.

Фин тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру кезең-кезеңімен жүзеге асты. XX ғасыр басындағы реформалар нәтижесінде ол швед тілімен тең мемлекеттік тіл ретінде бекітілді. Бірақ шешуші өзгеріс мәртебеде емес, оның заң шығармашылығында нақты қолданылуында еді.

Құқықтық терминология мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде қалыптастырылып, арнайы комиссияларда заңгерлер мен тіл мамандары бірлесіп жұмыс істеді. Заң факультеттерінде құқықтық әдебиет пен зерттеулер фин тілінде жазылып, құқықтық доктрина мен тәжірибе біртіндеп осы тілге ауысты.

Сонымен бірге Финляндия швед тілінен бас тартқан жоқ. Екі тілдегі заң мәтіндері түпнұсқа деп танылып, сот-

тарда бірдей қолданылды. Уақыт өте құқықтық норманың бастапқы идеясы көбіне фин тілінде қалыптасып, швед тіліндегі мәтін оның тең дәрежелі серіктесі болып қалды.

Бұл тәжірибеден бізге екі сабақ маңызды. Біріншісі – құқықтық тіл өздігінен қалыптаспайды. Ол мақсатты мемлекеттік саясаттың, кәсіби ғылыми ортаның әрі ұзақмерзімді жүйелі жұмыстың нәтижесінде орнығады.

Екіншісі – аударма моделінен қатар әзірлеу моделіне көшу қажет. Бұл тілдердің бәсекесі емес. Бұл – ұзақ уақыт көлеңкеде қалған мемлекеттік тілге құқықтық ойды дербес қалыптастыратын толыққанды заң тіліне айналу мүмкіндігін беру.

Ендігі міндет

Құрылтайға жүктеледі

Егер жаңа Конституция еліміздің жаңа саяси дәуірінің бастауы болса, Құрылтайдың тарихи миссиясы – мемлекеттік тілге серпіліс беретін заң шығару мәдениетін қалыптастыру. Бұл мәдениет заңдардың мазмұнымен ғана емес, оларды әзірлеу тәсілімен де ерекшеленуге тиіс. Ал бұл бағыттағы өзгерістер мына негізгі қадамдарға сүйенуі керек.

Біріншіден, мемлекеттік тіл мен орыс тілінің заң шығармашылығындағы функционалдық теңдігін қамтамасыз ету қажет. Бұл орыс тілінің қолданысын шектеудеген сөз емес. Мәселе – мемлекеттік тілді аударма мәртебесінен шығарып, құқықтық норманың бастапқы мазмұнын қалыптастыратын толыққанды заң тіліне айналдыруда. Сондықтан заң жобаларын екі тілде қатар әзірлеп, екі мәтінді де тең дәрежелі түпнұсқа ретінде қалыптастыру керек.

Екіншіден, «түпнұсқа» ұғымының құқықтық мазмұнын қайта пысықтау маңызды. Түпнұсқалық сөзбе-сөз ұқсастықты емес, мәтіндердің құқықтық күші мен мазмұнының теңдігін білдіреді. Бұл қағида заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінде орнығуға тиіс. Сондықтан құқықтық мәні мен салдары өзгермесе, стилистикалық айырмашылықтарды түпнұсқалардың сәйкессіздігі деп бағалауға болмайды.

Тегі мен табиғаты бөлек тілдердің семантикалық құрылымын дәлме-дәл шектестендіру мүмкін емес. Сондықтан басты өлшем – мәтіндердің сыртқы бірдейлігі емес, бірдей құқықтық мазмұн мен нәтиже.

Үшіншіден, құқықтық және лингвистикалық сараптаманы жаңа деңгейге көтеру керек. Сараптаманың мақсаты аударманы тексерумен шектелмеуге тиіс. Ол мемлекеттік тілдегі заң мәтінінің қазақ тілінің табиғатына, құқықтық стилі мен ұлттық терминологиясына сай болуын қамтамасыз етуі қажет.

Лингвистикалық сараптама қолданыстағы заңнаманы жүйелі талдап, терминологиялық әрі мағыналық сәйкессіздіктерді анықтап, оларды түзетуге бағытталуға тиіс.



Төртіншіден, мемлекеттік тілде құқықтық ойлау ортасын қалыптастыру керек. Құқықтық тіл тек заң жобаларында қалыптаспайды. Ол университеттерде, ғылыми зерттеулерде, оқулықтарда, сот тәжірибесі мен кәсіби пікірталастарда орнығады. Сол себепті тұрақты терминологиялық комиссия құру, заң шығармашылығына арналған бірыңғай терминологиялық қор қалыптастыру, мемлекеттік тілдегі құқықтық білім мен ғылыми әдебиетті дамыту – стратегиялық міндет.

Құқық қолдану тәжірибесі де орыс тіліне негізделген модельден мемлекеттік тілдегі мәтінді басым қолдануға біртіндеп көшуге тиіс.

Бесіншіден, аудармаға негізделген заң шығармашылығынан құқықтық нормаларды мемлекеттік тілде түзетін модельге кезең-кезеңімен көшу қажет. Жоғарыда айтылғандар еліміздің мұндай өзгеріске баруына мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Әрине, бұл бір күнде жүзеге аспайды. Ол сындарлы мемлекеттік саясатты, табандылықты, институционалдық сабақтастық пен жаңа кәсіби мәдениетті талап етеді. Бірақ алғашқы қадам жасалуға тиіс.

Жаңа Конституция ел дамуының келесі кезеңін бастады, ал Құрылтай оның қағидаларын нақты заңдар арқылы жүзеге асырмақ. Сондықтан қазір заңдардың мазмұнын ғана емес, оларды әзірлеудің құқықтық әрі тілдік моделін де қайта пайымдауға тарихи мүмкіндік туып отыр. Тек осы мүмкіндікті пайдалану қажет. Әйтпесе, бүгінгі бір күн ертеңгінің екі күнімен өлшеніп, бүгін жіберген қателігіміз ертең еселеніп оралады.

Жаңа Конституцияны әзірлеу барысында мемлекеттік тілде әу бастан сапалы, түсінікті, калькасыз заң жазуға болатынына көз жеткіздік. Ендеше, жаңа Конституция жаңа заң шығару мәдениетінің де бастауы болуға тиіс. Оның өміршеңдігі Құрылтай қабылдайтын заңдардың сапасы мен оларды әзірлеу мәдениетіне байланысты.

Бұл мәдениет мемлекеттік тілді заңдар аударылатын қосалқы тілден құқықтық идеялар дүниеге келетін толыққанды заң шығармашылығының тіліне айналдыруға тиіс. Сонда ғана оның конституциялық мәртебесі нақты мазмұнмен толығыады. Ол үшін заңдар бастан мемлекеттік тілде жазылуға тиіс.

Болашақ Құрылтай депутаттарына аманатымыз – осы.

М. АХМАДИ, А. ЖҰМАҒАЛИ,
Maqsut Narikbayev University
профессорлары.

«Қыргүйек», «көгөніс», «шегара»: Қазақ тіліндегі сөздердің жазылуы неге қайта талқыланып жатыр?

Соңғы уақытта қазақ тіліндегі бірқатар сөздердің жазылуына қатысты пікірталас қайта күшейді. Жаңа оқу жылы басталысымен «қыргүйек» сөзін «қыргүйек» деп жазу, көгөністі «көгөніс», «шекара» сөзін «шегара» түрінде таңбалау мәселесі әлеуметтік желіде жиі талқылана бастады.

Бір тарап мұндай өзгерістер қазақ тілінің табиғи дыбысталу жүйесіне жақын екенін айтса, енді бірі қолдануға қалыптасқан нұсқаларды өзгертудің қажеті жоқ деген пікірде.

Мәселенің бір ұшы қазақ тілінің емле қағидаттарына барып тіреледі. Табиғи заңдылықтарына сай сөздерді қалай айтсақ, солай жазу керек пе, әлде әдеби тілде орныққан дәстүрлі нұсқаны сақтау

қажет пе? Бұл сұраққа тіл мамандары да өз пайымын білдіріп келеді.

Социоллингвист-ғалым Аман Абасиловтың айтуынша, тілдің даму деңгейін оның графикалануы, стандартталуы және модернизациялануы арқылы бағалауға болады.

«Тілдің дамыған деңгейі үш түрлі белгіге ие болуымен өлшенеді. Біріншісі, графикаланған, яғни жазу жүйесі қалыптасқан тіл болуы. Екіншісі, стандартталған, әдеби тілдік нормасы мен стильдері бар тіл болуы. Үшіншісі, модернизацияланған, яғни жаңарып жетілген, осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемделген тіл болуы керек», дейді профессор.

Филология ғылымдарының канди-

даты осы тұрғыдан алғанда мәселе бір сөздің (қыргүйек пе, қыргүйек пе) жазылуымен шектелмеуі керек екенін айтады. Профессордың пайымынша, қазақ тілінің орыстанып кеткен құрылымдарын да Ахмет Байтұрсынұлы таныған әрі көрсеткен табиғи жүйесіне әкелу керек.

«Ұлт ұстазы «сөйлегенде дауыстың ырағы сағаттың шық-шық еткенімен, тамырдың бүлік-бүлік соққанымен бірдей» болуы керек дегенді айта келе, жалпы тіл біліміндегі морфологиялық, фонематикалық, фонетикалық, тарихи-дәстүрлік емле қағидаттарының ішінде қазақ тілі емлесінің 80 пайызы фонетикалық, 20 пайызы морфологиялық қағидатқа сүйенетінін

айтады», дейді Аман Абасилов.

Ғалым осыған байланысты әсіресе бірігіп, кіріккен сөздердің айтылу ерекшелігін жазуда да ескеру қажет екенін айтады.

«Демек, біз сөзді, әсіресе бірігіп кіріккен сөздерді қалай айтсақ, солай жазуымызды әдеби тіл нормасына айналдыруымыз керек. «Қыргүйек» екі сөздің бірігуі кезінде дыбыстық өзгеріске ұшырап, сіңіскен түрі, яғни кіріккен сөз», дейді ол.

Профессор мұны қазақ тіліндегі басқа да сөздермен салыстырды.

«Тілімізде «қол» мен «қап» біріккенде «қолқап» емес, қатаң «қ» дыбысы екі дауыстының арасында ұяңдап, заңды түрде «қолғап» болып жазылады.

Сол сияқты «көк» пен «ал» біріккенде «көкал» емес, «көгал» деп таңбаланады. Олай болса, қазақ тілінің үндесік заңына, тіл емлесінің ұстанымына, әдеби тілдің нормасына сәйкес «қыр» және «күйек» сөздері біріккенде де, табиғи түрде «қыргүйек» болып айтылуы әрі солай жазылуы тиіс», деді тіл маманы.

Социоллингвист-ғалым сөздердің жазылуын қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына негіздеу – тілді өзгерту емес, керісінше оның табиғи жүйесін сақтау екенін жеткізді.

«Заңға, нормаға бағынған тілді стандартты тіл деп атайды», дейді Аман Абасилов.

Д. ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ, egemen.kz.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

В Карамышевском сельском округе выбрали акима

В минувшее воскресенье в Карамышевском сельском округе состоялись выборы акима. Для жителей сельского округа это стало важным событием, ведь от работы местного испол-



нительного органа напрямую зависит решение многих повседневных вопросов, связанных с благоустройством, состоянием дорог, социальной поддержкой населения и развитием населенных пунктов.

День голосования в округе прошел в спокойной и стабильной обстановке. Жители имели возможность реализовать свое избирательное право и определить человека, которому готовы доверить руководство округом.

По итогам голосования наибольшую поддержку сельчан получил Кизат Кульбаевич Хамзин.

Кизат Хамзин – местный житель, уроженец села Ортақшил Амангелдинского сельского округа, граничащий с Карамышевским. Его профессиональная биография непосредственно связана с сельским хозяйством – отраслью, которая является основой жизни и развития многих сельских территорий.

С 2010 года Кизат Кульбаевич работает в ТОО «Партизанское-1». За годы трудовой деятельности он прошел путь от рабочего зернового тока до



заместителя директора по производству. Такой профессиональный путь позволил ему хорошо узнать специфику аграрного производства, особенности работы в сельской местности и,

что особенно важно, жизнь людей, для которых труд на земле является неотъемлемой частью повседневной жизни.

В своей программе Кизат Кульбаевич обозначил ряд направлений, которые предполагается реализовывать поэтапно.

Одним из важных вопросов остается социальная поддержка населения. Не менее актуальной для сельчан является тема состояния дорог, благоустройство.

Сельский округ – это прежде всего люди. И его развитие складывается из решения конкретных вопросов, которые важны каждой семье: чтобы дороги были проезжими, улицы – освещенными и чистыми, детям было где играть, пожилые люди могли рассчитывать на поддержку, а у молодежи и трудоспособного населения были возможности для достойной жизни и работы.

Выборы завершены, и теперь начинается новый этап – время реализации намеченных планов. Перед новым акимом Карамышевского сельского округа стоит ответственная зада-

ча оправдать оказанное доверие и вместе с жителями работать над тем, чтобы родной край становился благоустроеннее, комфортнее и перспективнее.

А. АМАНЖОЛОВА.



Семья, где чужих детей не бывает

Есть семьи, которые объединяет кровное родство. А есть семьи, которые объединяет нечто гораздо большее – любовь, ответственность, забота и настоящее человеческое сердце.

Именно такой является семья Калиевых – Баурбека Сабыровича и его супруги Сандугаш Каркеновны.

В этой семье с особой заботой и любовью воспитываются не только родные дети. Калиевы уже много лет дарят своё тепло детям, которым особенно нужны были родительская поддержка, внимание и чувство защищённости.

Особого уважения заслуживает отношение супругов к своим родным детям – Калиеву Богенбаю, 1990 года рождения, и Калиеву Олжасу, 1991 года рождения. Оба являются детьми с инвалидностью, передвигаются на инвалидных колясках. Несмотря на жизненные трудности, семья всегда старалась окружить их заботой, обеспечить необходимое лечение, поддержку и достойные условия жизни.

Но на этом большое сердце семьи Калиевых не остановилось.

В 2014 году Баурбек и Сандугаш приняли непростое, но очень важное решение – открыть двери своего дома для детей из семьи Сыздыковых, оставшихся без необходимой родительской заботы.

Трое детей на тот момент находились в Аккольском детском доме, а самый младший – Нурсултан – воспитывался в доме ребёнка. Ему было всего три с половиной года.

С 2015 года дети стали частью семьи Калиевых.

И с этого момента началась новая страница их жизни.

Акмарал Сыздыкова со временем настолько сроднилась с семьёй, что сегодня носит фамилию Калиева. Она сама приняла решение сменить фамилию, тем самым подчеркнув своё отношение к людям, которые стали для неё настоящей семьёй. Сегодня Акмарал уже сама стала мамой. У неё есть пятилетний ребёнок, 2021 года рождения. Когда-то

ей самой были нужны забота и родительское тепло, а теперь она сама дарит их своему ребёнку.

Нуржан Сыздыков, 2010 года рождения, также воспитывается в семье Калиевых с 2015 года. После окончания 9-го класса он поступил в учебное заведение системы МЧС. При получении удостоверения личности Нуржан также самостоятельно принял решение изменить свою фамилию Сыздыков на Калиев. Это решение говорит само за себя – за годы, проведённые в семье, он почувствовал себя её полноправным членом.

Ерасыл Сыздыков, 23 февраля 2006 года рождения, пришёл в семью в возрасте восьми лет. Сегодня он уже взрослый молодой человек. Ерасыл окончил школу и поступил в университет имени Шокана Уалиханова в городе Кокшетау на специальность, связанную с физической культурой. Сейчас он учится на четвёртом курсе и готовится завершить обучение.

Но жизнь Ерасыла уже давно вышла за пределы школьных и студенческих лет. В семье Калиевых для него состоялся настоящий праздник – свадьба. А совсем недавно родилась внучка, которой сегодня уже шесть месяцев.

Нурсултан Сыздыков, 30 октября 2011 года рождения, – самый млад-



ший из детей. В семье Калиевых он пришёл ещё совсем маленьким, когда ему было около трёх с половиной лет. Сегодня Нурсултану 15 лет, он учится в 9-м классе школы-гимназии. Пока он остаётся Сыздыковым по документам, поскольку удостоверение личности ещё не получил.

За все эти годы Калиевы не просто предоставили детям кров и необходимые бытовые условия. Они вложили в них самое главное – время, заботу, воспитание, внимание и веру в их будущее.

Супруги следили за здоровьем детей, при необходимости обеспечивали лечение, поддерживали их стремление к знаниям, помогали определиться с профессией, радовались их успехам и вместе переживали трудности.

И сегодня результат этой многолетней работы виден без лишних слов.

Дети выросли, получили образование, выбрали свой жизненный путь. Кто-то продолжает учёбу, кто-то уже создал собственную семью, кто-то сделал первый шаг в профессиональной жизни. А самое трогательное – трое из них, достигнув совершеннолетия и получив возможность самостоятельно определять свои документы, сами выбрали фамилию Калиевых.

Это не просто изменение фами-

лии.

Это признание в любви и благодарности людям, которые когда-то открыли им дверь своего дома.

История семьи Калиевых – это история о том, что настоящая семья определяется не только кровным родством. Она определяется поступками.

Когда в доме растут дети, которым однажды пришлось пережить разлуку с родной семьёй, самое ценное, что можно им подарить, – это ощущение, что они нужны, любимы и больше никогда не будут одни.

Калиевы смогли подарить своим детям именно это чувство.

Сегодня в их доме уже звучат голоса взрослых детей, звонят телефоны, приезжают дети и внуки. А значит, всё было не зря.

Потому что добро, которое человек однажды отдаёт другому, обязательно возвращается – иногда в улыбке повзрослевшего ребёнка, иногда в смене фамилии, выбранной от всего сердца, а иногда – в маленькой внучке, которая приходит в этот мир уже как продолжение большой и дружной семьи.

Семья Калиевых доказала главное: чужих детей не бывает, если сердце готово стать для них родным.

Завершить статью о прекрасной и дружной семье Калиевых хотелось бы пожеланиями добра, мира и благополучия. Пусть у всех членов семьи будет крепкое здоровье на долгие годы, позитивное отношение к жизни, никогда не угасает вера в завтрашний день, а жизнь наполнится только радостными и счастливыми моментами. Пусть доброта, забота и милосердие, которыми родители окружали своих детей, вернутся к ним страницей – в любви, уважении, благодарности и заботе их детей.

Т. МАКСИМОВА, методист по защите прав детей отдела образования Буландынского района.

БӘРІНЕ ОРТАҚ ҚОҒАМ – ОБЩЕСТВО, РАВНОЕ ДЛЯ ВСЕХ

ЖІГЕРІ МҰҚАЛМАҒАН ЖАНДАР: «ҮМІТ» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

7-10 қыркүйек аралығында Щучинск қаласында Ақмола облысының мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дәстүрлі «Үміт» спартакиадасы өз мәресіне жеткен еді. Спорттық додаға облыстың әр өңірінен 20 команда қатысып, өздерінің спорттағы шеберліктері мен қайсар мінездерін ортаға салды. Спортшыларымызды облыстық бәсекеде рух беріп, қолдап келген – Бұланды аудандық мәдениет, тілдерлі дамыту және спорт бөлімінің басшысы Серік Шортаев және аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдармен және халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс жөніндегі кеңесшісі, аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Балқадіша Омарова.

Бұл жарыс - жай ғана медаль мен жүлде үшін өтетін бәсеке емес. «Үміт» спартакиадасы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген құштарлығын, жігерін, қайсарлығын және қандай қиындық болса да алға ұмтылуға деген талпынысын көрсететін ерекше

спорттық мереке.

Бұланды ауданының намысын қорғаған команда да жарыста жоғары нәтиже көрсетті. Аудан спортшылары 9 медаль жеңіп алып, 20 команданың арасында жалпыкомандалық есепте 5-орынға ие болды. Бұл - спортшыларымыздың тынымсыз дайындығы мен табандылығының, сондай-ақ олардың бойындағы жеңіске деген жігердің нәтижесі.

Жарыста аудан қоржынына алғашқы алтын медальдарды Майя Шәкей шахматтан және Тұрсынбай Қайрулин жеңіл атлетикадан салды. Олардың жеңісі - сабыр мен шеберліктің, жылдамдық пен төзімділіктің тамаша үйлесімі.

Күміс жүлдеге Мирболат Мұқанов ие болды. Ол жүзуден 50 және 100 метр қашықтықта екі күміс медаль жеңіп алды. Ал Дмитрий Шанкин армрестлингтен күміс жүлдені еншіледі.

Қола медальдар да аудан командасының қоржынына молынан

түсті. Жеңіл атлетикадан Балқадіша Омарова, армрестлингтен Юрий Андреев, шахматтан Сабина Гюзалова, пневматикалық мылтықтан атудан Дәурен Жакупов жүлделі үшінші орыннан көрінді.

Сонымен қатар, бірнеше спортшымыз жүлдеге бір қадам қалғанда тоқтап, төртінші орынға ие болды. Олар - пневматикалық мылтықтан атудан Владимир Сенчев, шахматтан Алпысбай Альжанов және үстел теннисінен Анастасия Богданова. Төртінші орынның өзі үлкен еңбектің нәтижесі. Себебі әр спортшы үшін жарыс алаңына шығудың өзі - батылдықты, дайындықты және өзіне деген сенімді талап ететін үлкен қадам.

Бұл спартакиадада спортшылар медаль үшін ғана емес, өз мүмкіндіктерін сынау, жаңа белестерді бағындыру және өзгелерге үлгі болу үшін бақ сынады.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың спорттағы әрбір жетістігі бізге бір

маңызды ойды ұқтыратындай: адамның мүмкіндігін оның дене жағдайы емес, оның рухы мен жігері айқындайды. Өмірде түрлі сынақ кездесуі мүмкін. Алайда қиындыққа қарамастан алға ұмтылу, мақсат қою, жеңіске сену - нағыз мықтылықтың белгісі.

«Үміт» спартакиадасына қатысқан спортшылардың әрқайсысы - табандылықтың, қайсарлықтың және өмірге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Олардың жарыс кезінде көрсеткен жігері, бір-біріне қолдау көрсетуі, жеңіске ұмтылысы көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Олар өз жетістіктерімен тек спорттық нәтиже көрсетіп қана қоймай, қоғамға «Қандай жағдайда да арманға ұмтылуға болады» деген үлкен өнеге көрсетті.

Спорт - адамның денесін шынықтырып қана қоймай, рухын да тәрбиелейді. Ал осындай жарыстар адамдарды біріктіріп, өзара

қолдау мен достықтың маңызын арттыра түседі. Сондықтан «Үміт» спартакиадасының атауының өзі бекер емес. Үміт бар жерде - мақсат бар, мақсат бар жерде - қозғалыс пен жеңіске деген ұмтылыс бар.

Бұланды ауданының спортшыларына осы жарыста аудан намысын абыроймен қорғағандары үшін шынайы алғысымызды білдіреміз! Әр медаль - маңдай тер мен табандылықтың жемісі. Әрбір көрсетілген нәтиже - үлкен еңбектің айғағы.

Спортшыларымызға мықты денсаулық, сарқылмас жігер, отбасыларына амандық, жаңа жеңістер мен биік белестер тілейміз! Алдағы жарыстарда да ауданымыздың көк байрағын биікте желбіретіп, жеңісті күндеріңіз көп болсын!

Сіздердің қайсарлықтарыңыз - кейінгі ұрпаққа үлгі, жеңістеріңіз - баршамызға ортақ қуаныш. Жігерлеріңіз мұқалмасын, үміттеріңіз үзілмесін!



СИЛА ДУХА, КОТОРОЙ НЕВОЗМОЖНО НЕ ВОСХИЩАТЬСЯ

С 7 по 10 сентября в городе Щучинске прошла традиционная спартакиада Ақмолинской области «Үміт» среди лиц с инвалидностью. В спортивных соревнованиях приняли участие 20 команд со всех уголков области. Каждый участник продемонстрировал не только спортивное мастерство, но и силу характера, выдержку, настойчивость и огромное желание двигаться вперед.

На областных соревнованиях наших спортсменов поддерживали и вдохновляли начальник отдела культуры, развития языков и спорта Буландынского района Серик Шортаев, а также советник акима района по работе с людьми с инвалидностью и социально уязвимыми слоями населения, член районного Общественного совета Балқадіша Омарова.

Спартакиада «Үміт» - это не просто соревнования за медали и призовые места. Это особенное событие, которое объединяет людей, помогает раскрыть

их способности и, самое главное, показывает, насколько сильным может быть человеческий дух.

Честь Буландынского района на соревнованиях достойно защищала команда наших спортсменов. По итогам спартакиады они завоевали 9 медалей и заняли 5-е общекомандное место среди 20 команд. За каждой наградой - упорные тренировки, волнение перед стартом, вера в себя и огромное желание доказать, прежде всего, самому себе: нет ничего невозможного, если не сдаваться.

Золотые медали в копилку команды принесли Майя Шәкей, занявшая первое место в шахматах, и Тұрсынбай Қайрулин, ставший победителем в легкой атлетике.

Две серебряные медали в плавании на дистанциях 50 и 100 метров завоевал Мирболат Муканов. Еще одну серебряную награду в армрестлинге принёс команде Дмитрий Шанкин.

Бронзовыми призёрами стали Бал-

қадіша Омарова в легкой атлетике, Юрий Андреев в армрестлинге, Сабина Гюзалова в шахматах и Дәурен Жакупов в стрельбе из пневматической винтовки.

В шаге от пьедестала остановились Владимир Сенчев в стрельбе из пневматической винтовки, Алпысбай Альжанов в шахматах и Анастасия Богданова в настольном теннисе, занявшие четвертые места. И хотя на этот раз медали им не достались, их результат также заслуживает уважения. Ведь четвертое место - это результат огромного труда, силы воли и стремления быть лучшим.

Каждый участник спартакиады по-своему преодолевал трудности. Для кого-то это был первый серьезный старт, для кого-то - очередное спортивное испытание. Но всех объединяло одно - желание не останавливаться и идти вперед, несмотря ни на какие обстоятельства.

Именно поэтому такие соревнова-

ния имеют особое значение. Они напоминают нам о том, что возможности человека не заканчиваются там, где начинаются физические ограничения. Настоящая сила определяется не только физическими способностями, но и внутренним стержнем, верой в себя и способностью подниматься после неудач.

Участники «Үміт» своим примером показывают: если есть цель, вера и поддержка, можно покорять новые вершины. Их стойкость вызывает искреннее восхищение, а спортивные достижения становятся примером для многих.

Название спартакиады - «Үміт», что в переводе с казахского означает «Надежда». И это название очень точно отражает её смысл. Ведь надежда - это вера в лучшее, стремление к жизни, желание развиваться и достигать новых целей. Там, где есть надежда, всегда есть движение вперед.

От всей души благодарим спортсме-

